

## ОТБАСЫ АЛҒАШҚЫ - ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТЫҢ НЕГІЗІ

*Есекешова М.Д., Ташкенбаева Ж.М.,  
магистрант С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Қазақстан*

***Annotation.** Family and school is the very important teaching institute, which works for the development of child. A family is the most important in the man life. The character of a person is formed, created in the family.*

***Аннотация.** Семья и школа – два важнейших воспитательно-образовательных института, которые изначально призваны дополнять друг друга и взаимодействовать между собой в интересах ребенка. Семья – самое главное в жизни человека, особенно в жизни ребенка. Ведь в семье формируется характер человека на всю жизнь.*

Адамзатқа ең бірінші білім емес, тәрбие керек,  
тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы,  
ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі.  
*Әбу Насыр Әл-Фараби*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деген Қазақстан халқына жасаған жолдауында «Егер біз адамгершілікті жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз» деген болатын. Осы орайда отбасының маңыздылығы анық көрініс табуда /1/.

Отбасы – адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге бала әкелу, екіншісі-дүниеге келген сәбиді теңдік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру. Бала тәрбиесінде отбасының рөлі ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандайда болмасын саласы ауыстыра алмайды. Отбасының негізі баланы өмірге әкелу ғана емес, оған мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың, ақыл кеңес тәжірибелерін бойына сіңірту, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу.

Отбасы-адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын – тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-аналарының отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Бала отбасынан жақсыны да жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан халқымызда « бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – деп текке айтпаған.

Ата-ана да өздері жанұя құрған кезде бір-біріне шексіз сүйіспеншілікпен, сезімдері табысқан кезде қалыптасады. Әке мен ананың арасындағы сыйластық, өзара түсінісушілік, олардың бір-бірін ұғынысуы, сыйласуы, қандай мәселер болсын, материалдық, әлеуметтік, қоғамдық және экономикалық мәселерді шешуде пайымды шешімдер тауып жатса, бұл отбасының берекесі мен берері де мол болатыны мәлім. Осы мәселе қазіргі кезде еуропалық дәстүрге көбірек бой ұрып барады. Яғни қазақи болмыстан айырылып, бала тәрбиесі, отбасы берекесі келеңсіз жәйттерге бой ұра бастады. Ата-аналардың татулығы отбасының күре тамыры болып табылады. Өйткені ол балаға берілетін тәрбие және әлеуметтік мәселелердің тууына әкеліп соқтыратыны осыдан туындап жатады. Психологиялық ақуалы дұрыс емес отбасыларда тұйық, апатияға бейім бала қалыптасады.

Ата-аналардың балаларының алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып, аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балаларының алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Отбасы тәрбиесінің

негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап, жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады /2/.

Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі Чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді. Өйткені, бала адамгершіліктің негізгі түсініктерін отбасында алып, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады.

Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский баланы дұрыс тәрбиелеу туралы былай деп жазады: "Адамның жеке қара басы біреудің жеке басының қалыптасуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек" /4/.

Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес. Ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан халық өмір есігін енді ғана ашқан бөбек тәрбиесін бесіктен бастаған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруда кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10-сөзінде: «Әуелі балаңды өзің алдайсың: эне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста балаңды алдағаныңа мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынайды.

Қазақ ағартушыларынан С. Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы семьяда тәрбиелеу» деген еңбегінде ата-аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді.

Педагогикадағы отбасы тәрбиесінің дамуына ежелгі Рим философы Квинтилиан, педагогика ғылымының негізін салушы Я.А. Коменский, ағылшын философы Дж. Локк, француз ағартушысы Ж.Ж. Руссо, Швейцар педагогы И.Г. Песталоций, орыс педагогы К.Д. Ушинский, ұлы жазушы Л.Н. Толстой, қазақ ағартушылары Ы. Алтынсарин және Абай Құнанбаев, кеңес педагогтары Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, қазақ зиялылары М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және көптеген басқа педагогтар өз үлестерін қосты. Алайда қазіргі таңдағы отбасының нақты көрінісі, ата-аналардың бейнесі, қарым-қатынасқа түсуі қандай деңгейде?

Бүгінгі отбасы елдің болашақ азаматының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын қоғамның ең маңызды институты екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Себебі, бүгінгі отбасының табысты болғаны, әлеуметтік-экономикалық, моральдық-психологиялық жағдайының жақсаруы ұлт пен мемлекеттің болашағына елеулі әсер етеді. Қазір отбасы өрістеудің күрделі кезеңінің – дәстүрлі үлгіден жаңаға ауысу үрдісін бастан кешіріп отыр. Отбасы құрылымы, оның қызметі, билік жүйесі, отбасылық роль, жұбайылардың функционалды тәуелділігі, отбасыдағы бала жағдайы өзгеруде, ал бұл өз кезеңінде әлемдегі отбасы түрінің өзгеруіне алып келді. Бала туу төмендеп, ажырасу саны өсіп, жалғыз басты адамдар саны көбейіп, әйелдердің эмансипациясы отбасынан бас тартуға әкеліп, бұл өз кезегінде қоғамның ұдайы өндіріс қызметіне ықпал етті /3/. Отбасы мәселелеріне, оның мәртебесінің өсуіне және қоғамдағы рөлінің ұлғаюына деген көзқарастың жақсаруы қазақстандық отбасының мәртебесі өскендігін білдіреді. Отбасы арқылы бала туу санын арттыру, отбасы мүшелерінің денсаулығын жақсарту, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін шешуге болады. Соңғы деректер бойынша еліміз халқының саны 16,7 миллион адамға жетті. Қазақстандық отбасылардың шынайы саны 4 миллионнан асып отыр, бір үйде тұратындардың саны шамамен 4,1 адамға тең. Отбасылардың 70 пайызға жуығының құрамында 3-тен 5-ке дейін адам бар.

Бала туу фактісі және көп балалы аналардың саны өсіп келеді. Бала туудың өсуіне – отбасы табысының артқаны, медициналық қызметтің сапасы жақсарғаны, әлеуметтік жәрдем-

ақылар мен тұрғын үй мәселесінің шешімін тапқаны сияқты жекелеген факторлар да әсер етеді.

Елімізде мемлекет тарапынан отбасы институтын қолдау үшін көп жұмыстар атқарылу- да. Экономиканың өсуімен халықтың кірісі де артуда, ана мен баланы қорғауға, балаларға, көп балалы отбасыларына, мүгедектерге берілетін мемлекеттік жәрдемақылар, зейнетақылар мөлшері өсуде. Сонымен қатар, бүкіл әлемдегі секілді, отбасы институты қазіргі таңда біздің елде де дағдарысты кезеңді бастан кешуде. Толық емес отбасылар мен некесіз туылған балалардың саны азаятын емес, өйткені азаматтардың, әсіресе жастардың елеулі бөлігі шет елдер өмір салтына еліктеп, заңды некеге тұрмай өмір сүреді. Бұл үрдістер көп жағдайда зорлық-зомбылықтың, қылмыстың, аурудың өсуі сияқты жағымсыз әлеуметтік проблемалар белең алуына себепші болып отыр.

Жалпы отбасылық және демографиялық саясаттың проблемаларын тек экономикалық жолмен шешу мүмкін емес. Ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген қазақстандық отбасы мәртебесін нығайтып және қолдау арқылы көптеген проблемаларды шешуге болатынын түсінетін уақыт жетті. Атап айтқанда, туу, отбасы мүшелерінің денсаулығын нығайту және ұлттың болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін отбасының әлеуетін пайдалана отырып шешуге болады.

Елбасының Жолдауында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттігі және олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары сияқты құндылықтарды барлық оқу орындарында сіңірілуге тиістігі міндеттелді. Сондықтан, барша қоғам болып, ең алдымен әр отбасымен және мектептермен бірлесе отырып, осы бағытта жұмысты күшейтуіміз қажет.

Әр халықтың діні мен тілі, салт-дәстүрі бөлек болғанымен, ұрпақ өрбіту, тәрбиелеп өсіру және ата-ананың перзенттері алдында жауапкершілігі бірдей. Балалар – біздің ертеңіміз. Олардың қандай азамат болып шығатыны біздің бүгінгі берген тәрбиемізге тікелей байланысты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. – Астана. – 2012.
- 2 Энгельс Ф. «Отбасының, жекеменшіктің және мемлекеттің шығуы», Алматы, 1984
- 3 Әл-Фараби. Трактаттар. – Алматы, 1978.
- 4 К.Д.Ушинский. Избранные педагогические сочинения. Т. 2. – М., 1974.

#### МЕХАНИЗМЫ СОЦИАЛИЗАЦИИ РЕБЕНКА В СЕМЬЕ

*Исаева Ж.Р.,*

*Рудненский индустриальный институт, Казахстан*

*Annotation. Family as a social institute and subject of education are in society. Actuality of theme is in that family is the complex social phenomenon the varied forms of public relations and processes were interlaced in that together. By a problem to date is mutual relations in family and society. This problem social pedagogics is able to decide. She as integrative science, uniting pedagogics with sociology, social psychology, not only actively unites a developing individual biological and anthropological sciences with social institutes but also gets to becoming complicated and in a great deal yet not exposed, and on it and "enigmatic" nature of man, his striking and not always predictable possibilities*

Социализация – это исторически обусловленный процесс, во время которого дети воспринимают и усваивают определенную систему норм, ценностей, знаний данной культуры.

Семейная роль – один из видов социальных ролей человека в обществе. Семейные роли определяются местом и функциями индивида в семейной группе и подразделяются: на супружеские (жена, муж), родительские (мать, отец), детские (сын, дочь, брат, сестра), межпоколенные и внутриспоколенные (дед, бабушка, старший, младший) и т.д. /4/.